

"Инвестициялық ахуалды жақсарту жөнінде кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 275 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 қарашадағы № 1481 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 қыркүйектегі № 546 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.09.2016 № 546 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Инвестициялық ахуалды жақсарту жөнінде кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 275 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасында:

Инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі кеңестің құрамына мыналар енгізілсін:

Қазақстан тарапынан:

Досаев - Қазақстан Республикасының

Ерболат Асқарбекұлы Экономикалық даму және сауда министрі

Құсайынова - Қазақстан Республикасының

Еңлік Құсайынқызы Премьер-Министрі орынбасарының

кеңесшісі, хатшы;

шетелдік тараптан:

Ақдениз Алпер - Қазақстанның Еуропалық

сауда-өнеркәсіп ұйымының (EUROBAK)

төрағасы (келісім бойынша)

Пилге Зеки - Қазақстан және Түркия бизнесмендері

қоғамы (КАТИАД) басқарма кеңесінің

президенті-төрағасы (келісім бойынша)

Фостер Питер - "Эйр Астана" авиакомпаниясының

президенті (келісім бойынша)

Марк Роллинс - BG-Group бас вице-президенті (келісім

бойынша);

мына:

"Ахметов - Қазақстан Республикасы

Серік Нығметұлы Премьер-Министрінің бірінші

орынбасары

Исекешев - Қазақстан Республикасының Индустрия

Әсет Өрентайұлы және жаңа технологиялар министрі"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Ахметов - Қазақстан Республикасының

Серік Нығметұлы Премьер-Министрі, төраға

Исекешев - Қазақстан Республикасы

Әсет Өрентайұлы Премьер-Министрінің орынбасары –

Қазақстан Республикасының Индустрия

және жаңа технологиялар министрі";

көрсетілген құрамнан Кәрім Қажымқанұлы Мәсімов, Бақытжан Әбдірұлы Сағынтаев, Ақтоты Маратқызы Айтжанова, Вильм Дункан, Кит Гейбл, Флориан Крюкл шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов